

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін түзету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 241 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 маусымда № 5660 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы № 166 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 20.03.2018 № 166 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексі 386-бабының 5-тармағына, 387-бабының 1-тармағына, 379, 381, 383–баптарына және 444-бабының 1-тармағына сәйкес Арқалық қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 01.04.2016 № 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету жүзеге асырылсын:

жеке тұлғаларға қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылысын жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге 1-қосымшаға сәйкес;

елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) 2–қосымшаға сәйкес;

елді мекендерден тыс орналасқан, өнеркәсіп жерлеріне базалық салық мөлшерлемелері 50 пайызға көтерілсін.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

3. Мәслихаттың 2011 жылғы 20 қаңтардағы № 320 "Жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-3-141 болып тіркелген, 2011 жылғы 18 ақпанда "Торғай" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессия
төрағасы, Арқалық
қалалық мәслихатының
хатшысы*

Н. Шалдыбаев

К Е Л І С І Л Д І :

"Арқалық қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы
----- А. Стюф
5 мамыр 2015 жылғы
"Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кірістер Департаментінің Арқалық қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы
----- Б. Алмағамбетов

5 мамыр 2015 жылғы

Мәслихаттың
2015 жылғы 5 мамырдағы
№ 241 шешіміне 1-қосымша

Жеке тұлғаларға қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылысын жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық салық мөлшерлемеріне түзету

Реттік нөмірі	Өңірдің нөмірі	Ауылшаруашылық мақсаттағы жерлері бар ауылдық елді мекендердің атауы	Жер салығының базалық мөлшерлемелерін төмендету (-) немесе жоғарылату (+) пайыздары
1	I	Е к і д і н а у ы л ы Ж а ң а қ а л а а у ы л ы А л у а а у ы л ы	0 0 0
2	III	Қайыңды ауылдық округі	0
3	IV	К ө к т а у а у ы л ы М а т р о с о в а у ы л ы	+50
4	V	А қ қ о ш қ а р а у ы л ы Ж а л ғ ы з т а л а у ы л ы	+50

5	VII	Мирный Целинный Молодежный Үштөбе ауылы	ауылы ауылы ауылы	+50
6	IX	Ашутасты Фурманов Восточный Аңғар ауылы	ауылы ауылы ауылы	+50

Мәслихаттың
2015 жылғы 5 мамырдағы
№ 241 шешіміне 2-қосымша

Елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер телімдерін қоспағанда) жер салығының базалық салық мөлшерлемелерін түзету

Реттік нөмірі	Елді мекендер атауы	Аймақтың нөмірі	Жер салығының базалық мөлшерлемелерін төмендету (-) немесе жоғарылату (+) пайыздары
1	2	3	4
1	Арқалық қаласы	I	+50
		II	+50
		III	0
		IV	+50
2	Ауылдық округтар, ауылдар:		
3	Екідің ауылы Қайыңды ауылдық о к р у г і Қызылжұлдыз ауылы	II	0
			0
4	Жаңақала ауылы Қайыңды ауылдық о к р у г і Қайыңды ауылы Алуа ауылы	III	0
			0
			0
5	Молодежный а у ы л ы Жалғызтал ауылы Целинный ауылы Мирный ауылы	VIII	+50
6	Фурманов ауылы	IX	+50
7	Родина ауылы Аңғар ауылы	X	+50
8	Ашутасты ауылы Восточный ауылы	XI	+50
9	Аққошқар ауылы Көктау ауылы	VII	0

Үштөбе ауылы	
Матросов ауылы	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК